

Бекітемін

«Нұрби» Мектеп -



Бердімбетов жай баспа кешені

менгеруші

Бердімбетова Ж.С.

# Ашық оқу қызметі

Тақырыбы: «дәрумендер»

«Аққу» ересек топ

Тәрбиеші: Сайрамбаева Л.Д.

2020-2021

Тәрбиеші: Балалар, бүгін ерекше күн. Біздің ұйымдастырылған оқу іс-әрекетімізге қатысу үшін қонақтар келіп отыр. Олай болса қонақтармен сәлемдесейік.

Үлкенге де - сіз,

Кішіге де - сіз

Бәріңізді құрметтеп,

Бас иеміз біз! (Ата-аналарға қонақтарға иіліп амандасады)

Балалар, бүгін бізге қонақ келді. Ол қонақтың кім екенін табу үшін, мен сіздерге сұрақ қоямын. Сол сұраққа жауап берсеңдер, қонақтың, кім екенін білесіңдер.

-Жұма сайын біз, яғни аналарымыз ,апаларымыз не пісіріп таратады?

- Балалар атасы мен әжесінен қашып келе жатқан қай ертегінің кейіпкері екен?

Балалар: бауырсақ.

Дұрыс балалар, жарайсындар.

- Бауырсақ бізге алыс жолдан келген екен, сен неге ата, әжесінен қашып келе жатырсын?

- Бауырсақ: Менің достарым, мен нан түрлерін іздеп келемін.

Балалар: Бауырсақ, біз нанның барлық түрін қастерлеп, қадірлейміз. Сен бізбен дос боласыңба бауырсақ?

Бауырсақ: Онда менің шартым бар: балалар бір ойын ойнаймыз «Адасқан сандар» деп аталады. Бірақ балалар мен сандарды дұрыс ажырата алмаймын. Сендер маған көмектесесіңдер ме?

Балалар: (Балалар сандарды тура және кері санап, ретімен орналастырады).

Бауырсақ: Балалар менің тағы да бір шартым бар. Ол ойын. Ойының аты «жақсы-жаман» деп аталады.

Ойының шарты: Ертегідегі кейіпкердің жақсы-жаман іс-әрекетін бағалап, геометриялық пішіндер арқылы фишкалармен белгілейміз.

«Жақсы іс әрекетте» қызыл текшемен , «Жаман іс- әрекет» кәк текшемен белгілеп санап салыстырамыз. Жұмбақтың шешуін білдіретін жануарлардың суреттері тақтаға ілінеді.

Жануарлар туралы жұмбақтар. Жұмбақтың Шешуі. Жануар туралы ертегілер. Жануарлардың ертегідегі іс-әрекеттерін салыстыру. Балалар геометриялық пішіндерімен жақсы –жаман іс-әрекеттерінді белгілейді.

1. Әзі аңдардың патшасы Айбарлы түрі бар,Тұла бойында тасыған күші бар.

2 Жалп-жалп сақалы қолыңнан дәм татады.

3 Орманда тұрады, әзі бір қу. Жүрген жері айқай-шу.

4 Мұртын сипап күн бойы,Бетін сусыз жуады. Тырсылды аңдып күн бойы, Тышқанды кәп қуады. Арыстан

Ешкі

Түлкі

Мысық «Арыстан мен тышқан».

«Жеті лақ пен қасқыр»

«түлкі».

«Түлкі мен торғай».

«Шалқан». Арыстан- ақылды, жақсы.

Ешкі-ақылды, лақтарына қасқырға есікті ашпауды ескертеді.

Түлкі қулық жасайды.

Мысық барлығына кәмектеседі. Қызыл текше.

Қызыл текше.

Кәк текше.

Қызыл текше

Тәрбиеші: Белгіленген текшелерді санап, «жақсы мен жаман» әрекеттерді салыстырып, нәтижесін шығарайық. Қызыл текше – 3, Кәк – 1. Қайсысы кәп екен? Балалар: Бұл жерде жақсы әрекет кәп.

- Міне, балалар, жақсылық әрдайым жамандықты жеңеді. Сендер де жақсы әрекеттер жасап, жамандықтан аулақ жүріңдер.

Балалар: Бауырсақ бізге алыс жолдан келген екен ата, әжесінен қашып келе жатыр, бізден көмек сұрай келіпті, кәне көмектесеміз бе?

- Бәріміз онда сол бауырсақпен еріп орманға барайық. (Сол кезде алдымыздан қоян шығады).

- Қоян: - бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін.

- Бауырсақ: - жемеші мені.

- Қоян: - сендер онда менің тапсырмамды орындандар.

- Бауырсақ: жарайды.

- Қоян: сендер маған мен туралы әлең айтсаңдар мен сендерді босатамын.

Ал енді бойымызды сергітіп, қоян туралы олең айтамыз. «Ұзын құлақ сұр қоян!».

Қоян: Рахмет!(балдармен,бауырсақ әрі қарай жүре береді. Бір кезде алдынан қасқыр шығады).

- Қасқыр: бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін.

- Бауырсақ: - жемеші мені.

- Қасқыр : - сендер онда менің тапсырмамды орындаңдар, сендерге қояр сұрағым бар. Егер орындасаңдар мен сендерді босатамын.

- Бауырсақ: жарайды.

- Біз қай елде тұрамыз? ҚР елбасы кім? Қай ауылда тұрасыз? Бір жылда неше жыл мезгілі бар? Қазір жылдың қай мезгілі? Апта күндерін ата?

- Бәрі: тақпақ «Апта деген ағайдын жеті бірдей ұлы бар».

Қасқыр: Рахмет! жарайды. !(балдармен, бауырсақ әрі қарай жүре береді.

Бір кезде алдынан аю шығады).

- Аю: - бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін.

- Бауырсақ: - жемеші мені.

- Аю: - онда маған мен туралы бір сергіту жаттығуын жасап беріңдер.

- Аю: Егер орындасандар мен сендерді босатамын.

- Бәрі: сергіту сәтті «Ормандағы аюдың!».

Аю: Рахмет! жарайды. !(балдармен,бауырсақ әрі қарай жүре береді. Бір кезде алдынан түлкі шығады).

- Түлкі: бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін. Бауырсақ:

- Бауырсақ: - жемеші мені.

- Түлкі: онда мен сендерге жұмбақ жасырамын шешуін тапсандар мен сендерді босатамын.

- Тауықтар қашып жасқанған,

- Құлығы артық басқа аңнан. (түлкі).

- Түлкі: Рахмет!

- Бауырсақ: Рахмет балалар! Мен сендерге риза болдым. Сендер өте ақылды, тапқыр екенсіңдер. Мен сендермен дос боламын. Мені атам мен әжем іздеп жатқан болар. Мен сендермен қоштасамын. Қош сау болыңдар, балалар!